



Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингі және оның қорытындылары бойынша арнайы сыйлық беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 590 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президенті

мен

Үкіметі актілерінің жинағында және

республикалық баспасөзде

жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингін жыл сайын өткізу белгіленсін.

2. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің нәтижелері бойынша арнайы сыйлық тағайындалсын.

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес құрамда Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің қорытындыларын шығару жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

4. Қоса беріліп отырған:

1) Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің нәтижелері бойынша арнайы сыйлық беру қафидалары;

2) Комиссия туралы ереже бекітілсін.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Экімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің

2017 жылғы 24 қарашадағы

№ 590 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің нәтижелері бойынша арнайы сыйлық беру

ҚАФИДАЛАРЫ

1. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің нәтижелері бойынша арнайы сыйлық (бұдан әрі – сыйлық) тиісті әкімдіктерге жыл сайын бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өткізілген өнірлер мен қалалар рейтингі негізінде

кәсіпкерлікті қолдау, дамыту саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізгені және бизнесті ашу мен жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасағаны үшін беріледі.

2. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы рейтинг өткізуді ұйымдастыруши (бұдан әрі – ұйымдастыруши) болып табылады.

Ұйымдастырушиға мынадай функциялар жүктеледі:

1) бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингін өткізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

2) пікіртерім мен статистикалық деректер негізінде жыл сайын бизнес жүргізудің жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингін өткізу;

3) бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өткізілген өнірлер мен қалалар рейтингінің нәтижелерін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізу және Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің қорытындыларын шығару жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) отырыстарын өткізуге жәрдем көрсету;

4) дипломдарды, награда белгілерін дайындау мен ресімдеуді қамтамасыз ету;

5) жеңімпаздарды марапаттау салтанатына ақпараттық материалдарды дайындау;

6) үздік өнірлер мен қалалар тәжірибесін таратуға жәрдем көрсету.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 11.02.2021 № 507, өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлықтарымен.

3. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингін өткізу шенберінде ұйымдастыруши мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салуды жіберу арқылы статистикалық деректерді жинауды жүзеге асырады.

Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингін өткізу кезінде статистикалық деректер мен өзге де ақпараттың анықтығына тиісті ақпаратты ұсынған мемлекеттік органдар жауапты болады.

4. Ұйымдастыруши жыл сайын 20 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне өткізілген рейтингтің нәтижелері бойынша материалдарды ұсынады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 16.05.2023 № 221
Жарлығымен.**

5. Ұйымдастыруши енгізген материалдар негізінде Комиссия бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің қорытындысын шығарады.

6. Сыйлықты беру форматы, өткізу уақыты мен орны туралы шешімді Комиссия жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің келісуі бойынша қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы 24 қарашадағы
№ 590 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің қорытындыларын шығару жөніндегі комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің қорытындыларын шығару жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) алқалы орган болып табылады және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қызметкерлері, орталық мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың басшылары қатарынан қалыптастырылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2-тaraу. Комиссияның міндеттері мен құқықтары

3. Комиссияның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – ұйымдастыруши) өткізілген рейтингтің нәтижелері бойынша ұсынатын материалдарды қарау, бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды айқындау;

2) жеңімпаздарды марапаттау салтанатының форматы, өткізу уақыты мен орны бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентімен келісу;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өнірлер мен қалалар рейтингінің қорытындылары бойынша есеп қалыптастыру және қажет болған жағдайда, екі жыл және одан көп жыл қатарынан рейтингте төмен позицияда тұрған әкімшілік-аумақтық бірліктердің басшыларының – лауазымды адамдардың жауапкершілігін қарау бойынша ұсыныстар енгізу;

4) Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген және Комиссия шешімімен белгіленген Комиссияға жүктелген міндеттемелерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де функцияларды атқару болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 11.02.2021 № 507; 26.11.2022 № 5 Жарлықтарымен.

4. Комиссияның өз міндеттемелеріне сәйкес:

1) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуға;

2) ұйымдастыруышыдан және басқа мемлекеттік органдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті қосымша материалдар сұратуға және алуға;

2-1) қосымша материалдарды қарау кезінде балдардың жиынтық қолеміне түзету коэффициенттерін қолдану;

3) ұйымдастырушыға бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін жүргізу әдістемесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар беруге құқығы бар;

4) Комиссияға жүктелген міндеттемелерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтары бар.

Ескерту. 4-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 11.02.2021 № 507
Жарлығымен.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

5. Комиссия құрамына:

- 1) Комиссия төрағасы;
- 2) Комиссия төрағасының орынбасары;
- 3) Комиссия хатшысы;
- 4) Комиссия мүшелері кіреді.

6. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарда төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

7. Комиссия хатшысы:

1) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерін тарта отырып, ұйымдастырушыдан келіп түскен материалдарды алдын ала қарауды ұйымдастырады;

2) бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингінің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне есептің жобасын дайындауды қамтамасыз етеді;

3) Комиссия мүшелерінің қарауына өткізілген рейтинг нәтижелері бойынша ұйымдастырушы әзірлеген материалдарды, Қазақстан Республикасының Президентіне бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингі қорытындылары бойынша есеп жобасын және жұмыс үшін қажетті өзге де ақпаратты ұсынады;

4) Комиссия отырыстарын дайындау мен өткізуді ұйымдастырады.

8. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Комиссия отырысының Комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысқан кезде зандық күші бар деп есептеледі.

Комиссия отырыстарына қатысу үшін лауазымды адамдар, өзге де ұйымдардың өкілдері мен тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін.

9. Ашық дауыс беруді өткізу жолымен айқындалатын Комиссия шешімі оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс саны тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Шешім отырыстың хаттамасымен ресімделеді және оған қатысып отырған Комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды.

10. Комиссияның қызметін тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы 24 қарашадагы
№ 590 Жарлығына
ҚОСЫМША

**Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өндірлер мен қалалар рейтингінің қорытындыларын шығару жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ**

Ескерту. Құрамы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 29.06.2024 № 591; өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 12.02.2025 № 779 (06.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, төраға

Қазақстан Республикасы Президентінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жетекшілік ететін кеңесшісі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық саясат бөлімінің менгерушісі, хатшы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы

Қазақстан Республикасының Көлік министрі

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылымдар министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау бөлімінің менгерушісі

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы (келісім бойынша)